

А.И. САПАРОВА *әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университетінің PhD докторанты
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: saparovaaklima533@gmail.com*

РАХЫМЖАН ОТАРБАЕВТЫҢ «БАС» РОМАНЫНДАҒЫ ИНТЕРМЕДИАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАР

Аңдатпа. Интермедиа ұғымы түрлі мәдениеттердің өзара әрекеттесуінің нәтижесінде пайда болған жүйелер мен мәдени кодтарды қамтитын категория ретінде әдебиеттің зерттеу нысанына айналды. Қазақ прозасындағы интермедиаалдылық – қазіргі әдебиеттанудағы маңызды зерттеу салаларының бірі. Интермедиааның негізгі мәні – өнер түрлерінің (музыка, бейнелеу өнері, кино, театр, кескіндеме өнері, мүсін өнері, т.б.) әдеби шығармалармен өзара әрекеттесуін талдау және түсіндіру. Қазақ прозасында әдебиеттің барлық өнер түрлерімен байланысы проза басталғаннан бар, өйткені, қазақ әдебиеті табиғатынан түрлі мәдениетаралық байланысқа ашық.

Мақалада интермедиа ұғымының генезисіне қатысты мәселелер мен оның қазақ әдебиетінде пайда болуы қарастырылады. Жазушы Рахымжан Отарбаевтың «Бас» романы материалының негізінде интермедиа терминінің қолданылуы теориялық тұрғыдан талданады. Көркем әдебиет стиліндегі шығарманы интермедиа тәсілі арқылы талдау мақаланың жаңалығы. Мақалада мүсін өнерінің Рахымжан Отарбаев мәтініндегі көрінісі мен қызметі арқау болады. Көркем шығарманы талдау барысындағы интермедиаалық байланыстың маңыздылығы көрсетіледі. «Бас» романындағы өнер түрлерінің (мүсін өнері, поэзия, драматургия) бірігіп, белгілі бір образды, мағыналық астарды, психологиялық күйді ашуға ықпалы анықталады. Дәстүрлі мәдениеттің элементтерін құрайтын ұлттық код, таным-түсініктер талданады. Жазушының әдеби шығарма әлеміне ұлттық мәдениет элементтерін енгізу нысандары қарастырылады. Әдеби кейіпкерлер әрекетіндегі ұлттық көрініс, дәстүрлі этикет ережелері, ата-баба культі, музыка әлемі, мүсін өнерінің әдеби мәтін кеңістігінде байланысуы талданады. Өнер түрлерінің өзара әрекеттесуі негізінде мәтін мазмұнының басқа қырынан ашылуы теориялық тұрғыдан дәлелденеді.

Кілт сөздер: интермедиа, мүсін өнері, роман, драматургия, дәстүрлі мәдениет, интермедиаалық байланыстар, жазушы.

A.I. Saparova

*PhD Doctoral Student of Al-Farabi Kazakh National University
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: saparovaaklima533@gmail.com*

Interlude Connections in Rahimzhan Otarbayev's Novel “Bas”

*** Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Сапарова А.И. Рахымжан Отарбаевтың «Бас» романындағы интермедиаалық байланыстар // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2025. – №2 (136). – Б. 240–251. <https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.207>

***Cite us correctly:**

Saparova A.I. Rahymzhan Otarbaevtyñ «Bas» romanyndagy intermedialyq bailanystar [Interlude Connections in Rahimzhan Otarbayev's Novel “Bas”] // *Iasaui universitetinin habarshysy*. – 2025. – №2 (136). – Б. 240–251. <https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.207>

Мақаланың редакцияға түскен күні 09.01.2025 / қабылданған күні 30.06.2025

Abstract. The concept of interlude, as a category that includes systems and cultural codes that have emerged as a result of the interaction of different cultures, has become the subject of literary study. Intermediality in Kazakh prose is one of the most important areas of research in modern literary criticism. The main importance of intermediality is the analysis and interpretation of the interaction of art forms (music, fine arts, cinema, theater, sculpture, etc.) with literary works. In Kazakh prose, literature has been linked to all forms of art since the very beginning of prose, since Kazakh literature is inherently open to various intercultural contacts. The article discusses issues related to the genesis of the concept of interlude and its appearance in Kazakh literature. Based on the material of the novel “Bas” by writer Rahimzhan Otarbayev, the use of the term interlude is theoretically analyzed. The analysis of a work in the style of fiction by the method of interlude is the novelty of the article. The article analyzes the expression and function of sculpture in the text of Rahimzhan Otarbayev. The importance of intermedial communication in the process of analyzing a work of art is emphasized. The novel “Bas” reveals the influence of art forms (sculpture, poetry, drama) on the disclosure of a certain image, semantic connotation, and the psychological state of the characters. The national code is analyzed, and cognition is among the concepts that make up the elements of traditional culture. The article discusses forms of introducing elements of national culture into the world of literary creativity of the writer.

Keywords: interlude, sculpture, novel, drama, traditional culture, interlude connections, writer.

А.И. Сапарова

*PhD докторант Казахского национального университета им. аль-Фараби
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: saparovaaklima533@gmail.com*

Интермедийные связи в романе Рахимжана Отарбаева «Бас»

Аннотация. Понятие интермедии, как категории, включающей системы и культурные коды, возникшие в результате взаимодействия различных культур, стало предметом изучения литературы. Интермедийность в казахской прозе – одна из важнейших областей исследования в современном литературоведении. Основное значение интермедийности – анализ и интерпретация взаимодействия видов искусства (музыка, изобразительное искусство, кино, театр, скульптура и др.) с литературными произведениями. В казахской прозе связь литературы со всеми видами искусства существует с самого начала прозы, поскольку казахская литература по своей природе открыта для различных межкультурных контактов. В статье рассматриваются вопросы, касающиеся генезиса понятия интермедии и ее появления в казахской литературе. На основе материала романа писателя Рахимжана Отарбаева «Бас» теоретически проанализировано использование термина интермедиа. Анализ произведения в стиле художественной литературы методом интермедии новизна статьи. В статье анализируется выражение и функция скульптуры в тексте Рахимжана Отарбаева. Подчеркивается важность интермедийной связи в процессе анализа художественного произведения. В романе «Бас» выявляется влияние видов искусства (скульптура, поэзия, драматургия) на раскрытие определенного образа, смыслового подтекста, психологического состояния персонажей. Анализируется национальный код, познание-понятия, составляющие элементы традиционной культуры. Формы внедрения элементов национальной культуры в мир литературного творчества писателя.

Ключевые слова: интермедиа, скульптура, роман, драма, традиционная культура, интермедийные связи, писатель.

Кіріспе

XXI ғасыр – жаһандану ғасыры. Ақпараттық ағындардың ұлғаюы, әртүрлі халықтар арасындағы мәдени қатынастардың кеңеюі, олардың мәдени-әдеби өзара әрекеттесуі жаңа бағыттардың пайда болуына алып келуі заңды. Бұл тұжырым постмодернизм бағытына тән. Постмодернизм теориясында дәстүр ұғымы қазіргі уақытта интертекстуалдылық ұғымымен ауыстырылды. Мәтіндер полилогқа енді.

Интермедиялдылық – бұл әртүрлі медиа (коммуникациялық құралдар, өнер формалары немесе ақпараттық жүйелер) арасындағы өзара байланыс пен шекараларды бұзатын ұғым. Термин әдебиеттану, өнертану, мәдениеттану және басқа да салаларда кеңінен қолданылады. Интермедиялдылық медиа арасындағы байланысты, олардың бір-біріне ықпал етуі мен интеграциялануын зерттейді. Интермедиялдылық тек медиа арасындағы емес, сонымен қатар бір мәдениеттегі идеялардың басқа мәдениетте өнер каналы арқылы көрініс табуы. Осы замандағы аудитория ақпаратты түрлі медиа арқылы қабылдайды. Бұл үдеріс интермедиялдылықты күшейтіп, бір контекстен екінші контекске көшу мүмкіндігін береді. Осы орайда, технологиялық жетістіктер интермедиялдылықты дамытуда маңызды рөл атқарады. Цифрландыру мен интернеттің пайда болуы өнер мен коммуникацияның дәстүрлі шекараларын жойды. Мысалы, әдеби шығарманы экранға бейімдеген кезде, онда визуалды, аудио және мәтіндік элементтер өзара әрекеттеседі. Театрға қатысты да солай. Мәтінде музыкалық немесе поэтикалық шығармалардан шабыт алған картиналар мен мүсіндер бар. Интермедиялдылық – жаңа мәдени формалар мен идеяларды түсінуге көмектеседі. Қазіргі заманғы коммуникация жүйелерінің күрделілігін терең түсінуге мүмкіндік береді.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Осы зерттеуде мақсатқа жету үшін келесі әдістер қолданылды: әңгіменің құрылымында туындайтын интермедиялық қатынастарды терең талдауға және интерпретациялауға ықпал ететін герменевтикалық әдіс; анықталған фактілер мен олардың ерекшеліктерін түсіндіру және зерттеу материалына түсініктеме беру үшін қолданылатын сипаттамалық-интерпретациялық әдіс, сондай-ақ, көркем мәтіндер мен басқа да өнер туындылары арасындағы жасырын және бейсаналық аллюзияларды анықтауды қамтамасыз ететін мұқият оқу әдісі қолданылады. Өнер түрлерінің өзара байланысы бар шығарманы талдау барысында көркем мәтіннің ең нәзік аспектілерін түсінуге мүмкіндік беретін бейнелеу кодын анықтау маңызды.

Мәтіннің интермедиялық талдауы бұқаралық ақпарат құралдарының барлық түрлері (әртүрлі көркемдік құралдар мен әдістер, сондай-ақ өнер) семантикалық әлеуеті бірдей көркем ақпаратты берудің бірегей құралдары болып табылатын негізгі принципке сүйенеді. Бүгінгі әдебиеттану контекстінде интермедиялық талдау сәтті қолданылып, өзге әдеби әдістермен біріктіріліп жүр. Мысалы, мұндай талдау тәсілі көркем мәтін ішіндегі өнерлердің өзара байланысын зерттей отырып, әдеби шығарманың ерекшелігін, автордың стилін анықтауға және өнердің дамуының жалпы заңдылықтарымен байланысын жоғалтпауға мүмкіндік береді.

Мақаланың негізгі зерттеу нысаны ретінде Р. Отарбаевтың «Бас» романы алынды. Отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, өзіндік пікірімізді қалыптастырдық.

Талдау мен нәтижелер

«Интермедиялдылық» терминін әдебиеттануға 1983 жылы Гамбургтегі «Мәтіндер диалогы» тақырыбына арналған конференция кезінде Австрия слависі, ғалым Оге А. Ханзен-Леве енгізді.

«Интермедиялдылық» мәселелеріне бағытталған зерттеулердің басым бөлігі оны бір көркемдік форманың екіншісіне (әдетте, әдебиетке) мысалы, музыка, бейнелеу өнері мен

киноға, әдебиетке әсерін зерттеумен шектеледі, онда да олардың құрылымдық арақатынасы деңгейінде емес, көркемдік формалардың тақырыптық-мотивтік ұқсастығы деңгейінде қарастырады» [1, 15–16-бб.]. Отандық ғалым Гүлмира Сәулембек «интермедиа» терминіне мынандай анықтама береді: «Автордың бір өнер түріндегі мәтінді тудыруда басқа өнер туындысынан «мәтіндерді» пайдалануы интертекст немесе интермедиялдылық деп аталады» [2, 7-б.]. Ғалым, терминді интертекст тәсілі тұрғысынан қарастырады: «Әдебиеттегі көркем шығарма мәтіндерінің өзге бір мәтінде қолданылуын ғана емес, кез келген өнер (сурет, музыка, кино, театр, т.б.) туындысындағы құбылысты интертекст деп атаймыз. Сондай-ақ бір өнер түрінің басқа өнер туындысынан «мәтіндерді» пайдалануы да интертекст немесе интермедиялдылық деп аталады» [2, 32-б.]. Ғалым С.М. Алтыбаева «интермедиа» терминін «интертекст» тұрғысынан қарастырады: «Экфрасис деңгейіндегі интертекстуалдылық, сөз және қозғалыс өнері, сөз және мүсін, сөз және сурет, яғни әдебиет пен балет, кино, кескіндеме, монументалды өнер арасындағы ішкі байланыс» [3, 41-б.]. Қысқасын айтқанда, термин постмодернизм алып келген тәсіл тұрғысынан қарастырылады.

Қазақ прозасындағы интермедияның маңызы:

- әдебиеттің басқа өнер түрлерімен байланысы шығарманы мазмұны жағынан байытады, көркемдік әсерін күшейтеді;
- автордың ойлары мен идеяларын оқырманға жеткізудің жаңа жолдарын ұсынады;
- ұлттық мәдениеттің жаңа дүниетанымының әртүрлі қырларын ашуға мүмкіндік береді.

Мысалы, М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы – музыка мен фольклор элементтері арқылы қазақ мәдениетінің толыққанды панорамасын жасайды. О. Бөкеев прозасы – табиғат суреттері мен бейнелеу өнерінің әсерін айқын сезінуге болады.

Р. Отарбаевтың «Бас» романындағы өнер түрлерінің (мысалы, музыка, поэзия, мүсін өнері, театр) байланысуы – зерттеудің басты нысаны. Талдау нысаны болып табылатын мәтіндегі барлық көркем өнер мен медиаға тән түрлі сілтемелер, тұспалдар, ассоциациялар мен символдар арқылы ашылатын интермедиялдылықтың шартты түрдегі жасырын жатқан қабаттары қарастырылады. Әдетте, белгілі бір кардиналды өзгерістерді соғыс тудырады. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін модернизм, постмодернизм терминдері пайда болды. Бүкіл адамзаттың моральдық құндылықтары қайта қаралып, сол кезеңге дейін абсолютті саналып келген моральдық заңдарға деген сенімнің құлдырауы басталды. Ол тенденция саясаттан басталып, өнердің барлық саласына енді. Осыдан барып, өнер түрлерінің арасындағы шекара жойылды. Осылай, философиялық терминдер мен түсініктер әдебиетке де әсерін тигізді. Оның барлығы бұрыннан қалыптасқан қағидаларды қиратты, яғни әдеби мәтіннің құрылымы бұзылды, автордың беделі түсті, кейіпкер емес, мәтін – басты нысанға айналды. Постмодернизмнің басты ерекшеліктерінің бірі қара юмор, ирония, пастиш, сарказм. Р. Отарбаев осы элементтерді романда қолданған. Жалпы, романның құрылымы классикалық болғанымен, онда постмодернизмнің де белгілері бар. Автор мүсін өнерінің бүгінгі жағдайын ирониямен берген: «Осы үш би бір шалдың шапанынан, бір кемпірдің етегінен шыққан ба? Эскизге зер салыңыз, бір-бірінен аумай тұр. Көз қиығы, мұрны, бет өлшемі. Жо-жоқ, шындап, ұятты көздеріңізбен қараңыздаршы! Бұлардың айырмашылығы тек сақалдарында. Ұлы жүздікі қауметті, ұзын, Орта жүздікі ықшам, ал Кіші жүздікі шүңтиып тұр. Бұл не? Сақалдың көрмесі ме?» [4, 10-б.].

Автор осы контекст арқылы мүсіншілердің өз кейіпкерін кейіптемес бұрын зерттемейтіндігін айтқысы келгенін аңғаруға болады. Ары қарай романдағы басты кейіпкер Ноэль Шаяхметовтің қазақтың арқалы ақыны Махамбет Өтемісұлының мүсінін мінсіз жасау мақсатында Қазақстанға келіп, Махамбеттің басын қазып алып, мүсіншілік жұмысына кәсіби тұрғыдан кіріспек ниетін келесі контекстен көре аламыз: «Ноэль ақжемделіп қалған тері дорбаның аузын ашып, ақын басын столдың үстіне отырғызды.

- Қойшы, мынау сол бас па? Рас па? – деп профессор алабұртып, алқынып, басты айналдыра қарап тісін жалғыздап санады. – Әлгі өзін көрден қазып алып зерттейтін бас па? Міне, тарих! Тірісінде жүген-құрық тигізбеген асау ақынның басын енді өз қолымызбен ұстап тұрмыз» [4, 35-б.].

Қазақ прозасында музыкалық элементтер де жиі кездеседі. Әсіресе, күй немесе ән арқылы кейіпкерлердің ішкі әлемін ашу және оқырманға эмоционалдық әсер ету тәсілі ретінде қолданылады. Мысалы, М. Әуезовтің шығармаларындағы күйшілер бейнесі немесе Абайдың өлеңдеріндегі музыкалық мотивтер. Жалпы, қазақ прозасындағы музыка өнерінің пайда болуы XIX ғасыр әдебиетінен басталып, қазіргі прозада да жалғасып жатыр. Мысалы, Ж. Аймауытовтың «Әнші» әңгімесіндегі Әмірқанның (прототипі Әміре Қашаубаев) ән күдіретінің арқасында қарақшылардың қақпанынан құтылуы, Тахауи Ахтановтың «Күй аңызы» әңгімесіндегі күйдің нарды идірген күдіреті жайлы әңгімелері бүгінде Т. Әсемқұловтың «Талтүс» романымен жалғасып жатыр. Прозадағы музыка өнерінің берілуі арқылы сол өнер саласындағы тұлғаларды танымыз, олардың өнердегі орнын көреміз, күй арқылы ұлттық құндылықтарды танымыз, автордың талғамын таразылаймыз және өлмес, өшпес музыка өнері арқылы ұрпақтар сабақтастығының үзілмес жібін көреміз. Мысалы, ауыз әдебиеті үлгілеріне жататын «жар-жар», «бесік жыры» сияқты тұрмыс-салт жырлары арқылы көшпенді өмірдің тыныс-тіршілігін, салт-санасын көреміз. Р. Отарбаев «Бас» романындағы «О, тоба! Аруақты бабалардан қалған өлең-жырға, аңыз-әңгімелерге ешбірі қамшы салдырмайды. Лыпып тұр. Бірінің аузынан бірі әкетіп, ескі сөзді гөйітеді-ай кеп» [4, 4-б.] сөйлемі осы ойды одан сайын айғақтап тұр. Романда келтірілген келесі бір шумақтан қазақ халқының ақынға, оның өлеңіне табынушылықты емес, өнерді биік бағалағандығын байқатып тұр.

«Қазағымның намысы едің, жанитын,

Жау тосумен бұзылыпты сан ұйқың.

Басың кетті, мынау марғау даланың,

Адам қылып шығарам деп әр итін. Әй, Махамбет! – деп Мақатай ақын ескерткішті құшақтап жылап жатты» [4, 124-б.].

Музыка – бұл шын мәнінде басқа дүниелік арна жеке және жалпы, рухани және мәдени-тарихи, нақтылық пен иллюзияны адамның өз ішінде байланыстырады, оны полифонияның тіршілік ету ортасына айналдырады. Жалпы және арнайы білімнің жиынтығы көркем мәтінде көрсетілген музыка жайлы көп дүниені түсінуге көмектеседі [5, 17-б.].

Әр халықтың өзінің әдеби, мәдени мұрасының бірегейі музыка, әсерлі әуен екені белгілі. Орыс жазушыларының мұрасындағы музыка мен әдеби шығармалар арасындағы интермедиялық байланысты зерттеген ғалымдардың бірі М.А. Самородов өз зерттеулерінде А. Чеховтың, И. Тургенев, Л. Толстойдың туындыларына талдау жасайды. Эпикалық прозаларды зерттеу материалы ретінде анықтап алып, либретто жанрын интермедиялық аспектіде зерделейді. Әр жазушының тілдік тұлғасын, олардың шығармаларындағы интермедиялық байланысты тарқатып қарастырады [6, 135-б.].

Сондай-ақ кейбір ғалымдардың еңбегінде мынадай да ізденістер бар екендігін анықтадық. Интермедиялық синтез ұлттың мәдени жадын белгілейтін құрал не тәсіл ретінде рөл атқаруы мүмкін. Мысалы, Н. Шлемова өзінің ғылыми еңбектерінде посткеңестік кезеңдегі орыс халқындағы дағдарыс кезеңінде жазылған әдеби шығармалардағы интермедиялық синтез ол ұлттың сол дағдарыстан шығуына көп көмектесті деген пікірін де жасырмайды [7]. Яғни, поэтика, музыка және бейнелеу өнерінің үндесуінен туындаған шығарма ол халықты күйзелістен құтқаруға атсалысады деп тұжырымдап, бірнеше шығармаларға талдау жасайды. Жалпы интермедиялық аспектінің көркем шығармаларда көрініс табуының өзіндік себептері, өзіндік ерекшелігі бар десек болады.

Қазақтың ән-күй өнері көп қатпарлы. Әрбір әннің, күйдің, өлеңнің өз тарихы, сонымен бірге орындаушылардың тағдыры да бар. Қазақ ән-күй өнерін жасаушылардың, соны шашып-төкпей, байытып бүгінгі күнге өз шығармашылығы арқылы жеткізген жазушылар бар.

Қансейіт Әбдешұлы өзінің «Әдебиет және өнер» кітабында өнердің қалай туатындығына баға береді: «Өнер адамының өмірінде мұндай сәттер аз емес. Шығармашылықтың азабы деген – осы. Өнер туындысы да өнерпаздың жанын осылай езіп, азапқа салып барып туады» [8, 57-б.]. Романда Нозальдің шәкірті Дәуреннің ақын өнерін биік бағалайтынын мына контекст көрсетеді: «Жастайымнан өлеңіне де, өзіне де табынып өсіп ем... Ақынның басын маған қиыңыздар. Аманаттап беріңіздер. Ғұмыр бойы шаң қондырмай өтер ем» [4, 136-б.].

Jonathan Kruschwitz есімді зерттеушінің «Interludes and Irony in the Ancestral Narrative» ғылыми еңбегінде ата-бабалар туралы ақпаратты баяндауда интермедиа мен иронияның әсері туралы айтады. Жұмысының әдістемелік негізіне интермедиа мен ирония ұғымдары кірістіріледі. Әдеттен тыс қолданыстарды ғалымдар қазіргі таңда поэтика саласында интермедиа деп көрсететінін тілге тиек ете отырып, ата-баба тегін сипаттап, баяндауда осы интермедиа арқылы қолдану жаңаша дем әкелетінін атап өтеді. Ғалым өз еңбегінің бастапқы сөзінде былай дейді: «Мұқият оқулар интермедиа арқылы ата-баба бірегейлігінің негізгі тақырыптарын қалай иронизациялайтынын көрсетеді: ата-баба-құдайлық қарым-қатынас, ата-бабалардың жерге және оның тұрғындарына қарым-қатынасы және ата-бабаның өзіндік бірегейлігі. Әрбір интермедиа тектік тақырыптың шартты түрде эксклюзивті тұжырымын бұзады және тектік бірегейлік тектік отбасында болуы мүмкін болса да, оның құрамында емес екенін көрсетеді» [9, 5-б.]. Басты айтылатын идеялардың бірі интермедиа (интерлюдия) поэтикасы мен ирония герменевтикасы бұл зерттеудегі бір түрлі оқиғаларды мұқият асықпай оқып, түсініп алуға итермелейтіндігі болып тұр. Мұқият оқып, түсіну әдісі біздің де ғылыми ізденісімізге негіз болып отыр деп айтсақ та болады.

Э. Седых өзінің зерттеуінде осы тақырыпта жазылған еңбектерге шолу жасай отырып, постмодернизм негізгі элементтерінің бірі – интермедиа арқылы феноменінің пайда болуында деп қорытындылайды. Интермедиа арқылы барлық өнер салалары арасындағы шекараның әлсіретіп, оның тұтас бір әлем болып ұлғаюына алып келгенін атап көрсетеді [10, 212-б.].

Қазақ прозасында бейнелеу өнері мен әдебиеттің байланысы да айқын көрінеді. Көптеген қазақ жазушылары өз шығармаларында бейнелеу өнерінің элементтерін қолданады, мысалы, кейіпкерлердің сыртқы бейнесін суреттеуде немесе табиғаттың көріністерін сипаттауда. Әсіресе, романтизм мен реализм бағытындағы шығармаларда көркем суреткерлік тәсілдер мен пейзаждар маңызды орын алады. Прозалық шығармаларда сурет өнерінің элементтері немесе пейзаждық сипаттамалар арқылы оқырманға көркемдік образ жасау жиі орын алады. Мәселен, жазушылар қазақ даласының табиғатын суреттегенде бейнелеу өнерінің әдістерін қолданады. Р.Отарбаевтың «Бас» романында да табиғатты суреттеу арагидік кездесіп отырады: «Қызыл қанға боялып күн батып бара жатыр» [4, 20-б.]. «Аспан қабағында кіреуке жоқ. Тек бір жапырақ ақша бұлт аулақта желдің екпінімен сырғанақ теуіп барады» [4, 46-б.]. «Таудың түнгі аңқылдақ самалы есіп тұрды» [4, 109-б.]. Көп жазушыларда табиғат райы атмосферасының мұндай атрибуттары сипатталатын кеңістіктің, не кейіпкердің эмоционалды көңіл-күйіне сәйкес берілуі мүмкін. Әдетте, күз мезгілі адамның қарттығымен, не болмаса көңіл-күйдің құлазуымен ассоциацияланады. Сонымен бірге, баяндалғалы жатқан оқиғаның көңілсіз болуынан хабар береді. Теңіз самалы мен жапырақ детальдары жалғыздықты немесе оқшаулану сезімін көрсетеді, кейде бұл ішкі қақтығыстардың, белгілі бір қарсылықтардың айнасы болуы да мүмкін. Осылайша, әңгімедегі пейзаждар, тек фондық атмосфераны құруға ғана емес, кейіпкерлердің эмоционалды күйін көрсету үшін қызмет етеді.

Осы тақырыпты зерттеу барысында шетелдік еңбектердің ішінде назар аудартқаны ағылшын жазушысы Д. Лоренстің прозалық еңбектерін интермедиа арқылы тұрғысынан орындалған зерттеу жұмысы еді. Бұл зерттеу тақырыбы толықтай бір диссертациялық жұмыс

ретінде орындалған. Тілдік құралдар мен кескіндемелік өнердегі көзқарас, қабылдау, дүниетаным арасындағы байланыстардың ерекшеліктерін зерделеу арқылы зерттеуші жазушының тілдік тұлғасын, шығармашылық бірегейлігін айқындауға талпыныс жасаған [11].

Шетелдік ғалымдар I.F. Patrunjel, A. López-Varela «Literature and the study of intermediality: a book review article on new work by Grishakova and Ryan and Carvalho Homem» атты ғылыми мақаласында әдебиеттегі интермедиялдылықтың негізгі артықшылығы туралы айтады [12]. Медианың тереңдетіліп түсіндірілуі оның әдебиет және өнер саласындағы өзара байланыстың болу мүмкіндігін көруге, түсінуге жол ашады. Шығармаларды жаңа қырынан қайта қарауға мүмкіндік береді, жаңа инсайттар алуға болады. Рухани және мәдени өмірді, тарихтағы кейбір мұраларды жаңғыртуға ықпал ететінін айтады. Медианың түрлі саласы, деректі фильмдер түсіру, тарихи кинолар, театр қойылымы, халықтық музыка және т.б. салалардың үйлесуінен құрастырылатын дүние әдебиет саласында да жоғары бағалануы тиіс.

Кейбір шығармаларда кино немесе театр элементтерінің ықпалы сезіледі. Әсіресе, диалогтар мен сахналық көріністер арқылы оқиғаларды драматургиялық тұрғыда беру тәсілі байқалады. Р. Отарбаев әрі жазушы, әрі драматург болғандықтан прозада драматургиялық тәсілдерді қолданады. Жай баяндаудан динамикалық өзгерістерге, одан өткір эмоционалды толқындарға жиі көшіп отырады:

«- Осы көлденең қосаяқ салуын қашан қояды?

- Бәлденіп-ақ бітті!

- Үш бидің аруағы атқыр!

- Көре алмай тұр!

- Бұдан артық не істейді бізге?» [4, 10-б.].

Бұл баяндауға эмоционалды әсер етіп, оқиғаға контраст беріп тұр:

«Үрейі ұшып кеткен Ықас стол айнала қашты.

- Таста атаңа ғана нәлетті! Адамның иманын ұшырмай!

- Ықа, соншама қашып не көрінді? Бұл ұлы ақынның басы ғой. Қазақ халқының мәңгілік мақтанышы.

- Әкет, жасыр, жап! Сал дорбаңа! Айдың-күннің аманында сендер кісіні үркітіп өлтірерсіңдер. Өңшең жынды! Тып-тыныш отырғанда қу басты ала шауып, ала жүгіріп... Сендер ме, сендер!» [4, 32-б.].

«Таста атаңа ғана нәлетті!» эпизоды оқиғаның шарықтау шегі мен драматургиялық нүктенің қызған сәтін сипаттайды. Осы тұста мүсін өнері мен драматургияның әдебиет кеңістігінде тоғыса отырып, оқиғаны ашуға қызмет етіп тұрғанын тұжырымдауға болады. Автор театр драматургиясына тән тілді төмендегі мысалда да қолданады, онда ол өз ойын ана үмітін ақтамаған Айымның контекстінде ана эмоциясы арқылы көрсетеді:

«- Қорғадың, иә, әлгі Махамбеттің несінен... Қорғамай кет! Махамбеттеріңмен қоса құрыңдар! Сен ғалым болып басыма көк тас қоймайсың. Әкеңнің де жарытқаны шамалы. Бұл дүниені оқсатса мен өстіп тасынам ба?» [4, 56-б.]. Сахна тілі келесі мысалда да көрініс табады:

«- Махамбетіңмен қоса құры, зэнталақ!

- Не дедің? Қайтала!

- Оттама!» [4, 66-б.].

Аталған оқиға оқырман мен автор арасындағы шекара жойылатын театрлық атмосфераға толы.

«Не дейді? Алла зекетің кетейін-ай! – деп қарт орнынан опыр-топыр қарғып тұрды.

- Кемпір, қайдасың? Ақсарбас! Әй, кемпір, ақсарбас дейм!

- Әжем көрші үйге шілдеханаға кеткен.

- Осыдан-ақ көрдім-ау, көресіні, - деп Құрақ жазықсыз кемпіріне кіжінді.

- Оқы!» [4, 117-б.].

«Кемпір қайдасың? Ақсарбас! Әй, кемпір ақсарбас дейм!» - деп айқайлау сахна тіліне тән. Әйтсе де, мұндай тәсілмен берудің әсері артық. Мұндай көркемдік құралдарды қолдану оқырманның сезімі мен эмоциясына әсер етіп, шығарманың ауқымын кеңірек ашуға мүмкіндік береді.

Әдетте, прозалық шығармаларда отыр, тұр, жатыр, жүр қалып етістіктері мен сұраулы шылаулар сөйлемнің соңында тұруы тиіс. Мұнда, инверсия, яғни сөз орнын ауыстыру байқалады: «Костюмнің не? Бес-алты шапан тұрған жоқ па үйде? Етегін сүйретіп жап соның біреуін. Ата дәстүр деп. Ит ішкірдің суып қалғанын қарашы, - деп Дүрия кеседегі шәйін кері ысыра салды» [4, 97-б.]. «Кешіресіз. Онда сағынатын да адам қалып жарымады ғой. Сізден басқа» [4, 117-б.]. «Тақпаған кінәсі жоқ. Бәріне шыдап бақты мен үшін» [4, 40-б.]. «Мұрағат шаңын жұтып отыр деп. Қайта қуанып қалады. Тек кешікпе, күнім!» [4, 25-б.]. «Соғымға арнаған өгізім бар. Сауыры жылт-жылт етіп тұр, семіз. Сатам соны» [4, 119-б.]. Байқағанымыздай, берілген мысалдарда сөздердің әдеттегі грамматикалық түзілу тәртібі өзгеріп, орындары ауыстырылған. Ондай, өзгеше тіркестер құру драматургиялық, поэзиялық шығармаларға тән тенденция.

Автор романда драматургиялық тәсілдерден бөлек сюрреализмді де қолданады. Сюрреализм бағытын ұстанушылар өздерінің шығармашылық қайнарын түпсана тереңінен, түстен, қалыпсыз құбылыстардан, алжасу мен елестерден іздейді. Бұл жерде баяндаушы өз шындығын айту үшін елеске жүгінеді: «Екеуі темір кереуетке тізе бүкті. Айым алдына ақ қағаз жайып, ұшында кішкене жылтырақ шамы бар қаламсабын қолға алды. Көп күттірмеді. Бөлме ішін бозғылт мұнар кептеді. Есік сақырлап ашылып, әлдекім кіргендей болды. Келген тағы да Жәңгір хан еді. Сол зерлі шапанды, айыр қалпақты, қара сұр, қыран қабақты, селдір сақалды қалпы. Махамбетке тағы да таяп барды» [4, 58-б.]. Үзіндіден байқағанымыздай, автор романда прозалық шығарманың ішіне пьесаны да кірістіреді. Бір жерінде Махамбетті Жәңгір ханмен, екінші жерінде Баймағамбет сұлтанмен айтыстырады. Автор кейде проза көтере алмайтын жүктің салмағын басқа жанрға салады. Сол аманатты автордың осы прозалық шығармаға жүктегенін байқаймыз.

Қазақ прозасы көбінесе халық ауыз әдебиетімен, мифтермен және ертегілермен тығыз байланысты. Бұл ұлттық рухани мұраға сүйену арқылы шығармаларда ерекше көркемдік мәнер қалыптастырады. Романдағы өнер түрлерінің тоғысуы әр түрлі көркемдік компоненттердің кешенді синтезін құрайды. Романда келтірілген мақал-мәтелдер «Аз халықтың серкесі болғаннан, көп халықтың еркесі бол» [4, 14-б.], «Көш көлікті болсын!» [4, 31-б.], «Бітер істің басына жақсы келеді» [4, 34-б.], «Ұрпаққа ұран, ұлтқа мұра» [4, 36-б.], «Өлген бураның басынан, тірі атандар шошыды» [4, 38-б.], «Екі даушы бір келсе, амалыңның кеткені, екі ауру бір келсе, ажалыңның жеткені» [4, 49-б.], «Жынынан айырылған бақсыдай» [4, 55-б.], «Сор қашады, бақ қонады» [4, 109-б.], «Аш күзендей бүгіліп» [4, 112-б.], «Ауылдың баласы қалаға келсе түлкі болады, қаланың баласы ауылға барса күлкі болады» [4, 115-б.], «Аттың төбеліндей» [4, 122-б.], «Ат арыды, тон тозды» [4, 132-б.] мәтін контексін мағыналық жағынан кеңейтіп қана қоймай, тілдік қолданыста бұрыннан бар тіркестер арқылы дәуірлерді біріктіруге қызмет етіп тұр. Жалпы, мәтін кеңістігінде матасқан өнер түрлерінің мақсаты бір, ол – автордың ойын және кейіпкердің образын ашу.

Ата-баба рухына арнап құрбандық шалу қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінде терең мағынаға ие салттардың бірі. Бұл дәстүр ата-баба рухын құрметтеу, олардың ізгі істерін еске алу және ұрпақтар арасындағы рухани байланысты нығайту мақсатында орындалады. Бұл салт ата-баба рухымен байланыс орнату үшін жасалады. Халық нанымында, ата-бабаның рухы ұрпағына қолдау көрсетіп, өмірінде жол ашып, қиындықтан қорғайды деп есептелген. Құрбандық шалу арқылы ұрпақтар бір-бірімен рухани байланыста екенін көрсетеді.

Ислам діні бойынша құрбандық шалу – Аллаға жақындаудың және сауап жинаудың жолы. Дегенмен, тек ата-бабаның рухына құрбандық шалу кейде діни тұрғыда екі ұшты қарастырылады. Шариятта құрбандық шалу тек Алла Тағалаға арналады, ал ата-баба рухына дұға ету мен еске алу рұқсат етілген. Р. Отарбаевтың романында Құрақ қарттың Махамбеттің басын қазып алмас бұрын осы ата-баба дәстүрінен аттамай, алдымен Алланың жолына, сосын ата-баба рухына бағыштап мал шалып барып іске кірісуін келесі контекстен көруге болады: «Осы сөзге тоқтаған Құрақ қарт атарбасында байлаулы жатқан бір ісекті жетектеп әкелді. Қайраты қайтпаған екен, нән қойды көтеріп ұрып, төрт аяғын айқастырып байлады. Жел үрлеп, жаңбыр мен қар жеп тастаған жатаған төмпешіктің жанында басын құбылаға қаратып: - Алдымен Алланың жолына, содан соң Махамбет бабамның рухына бағыштадым. Құрбандығымды қабыл ала гөр, Жаратқан ием, - деп семіз ісекті шалып кеп жіберді» [4, 22-б.]. Қамшы – қазақ халқының мәдениеті мен дүниетанымында ерекше орын алады. Оның символикалық мәні бар, өйткені оны қазақ қасиет тұтқан. Қазіргі қазақ прозасында жиі кездесетін мотивтердің бірі. Қамшы қасиеті әртүрлі аспектілерде көрінеді. Алдымен, қамшы мал айдау, атқа мінгенде пайдалануға арналған құралдың бірі, ер адамның серігі. Қамшы қазақ қоғамында ер адамның еркіндігін, күшін, мәрттігін бейнеледі. Ол ер азаматтың намысын қорғайтын және оның мәртебесін көрсететін қазыналы құрал. Кейбір жағдайларда биліктің символы ретінде пайдаланылады. Билер мен батырлар үкім айту немесе дауды шешу кезінде қамшы ұстаған. Бұл олардың шешімінің салмақтылығын көрсеткен. Халық нанымдарында қамшының қасиетті күші бар деп сенген. Қамшы арқылы жамандықты, жын-шайтанды қууға болады деп есептеген. Қамшының сабын есікке іліп қою – үйді жамандықтан қорғаудың белгісі болған. Жарыс пен бәйгеде шабандоздың жеңіске жету құралы ретінде маңызға ие болған. Құдалықта құнды сыйлық етіп тартылған. Қасиетті ұғымға толы «Қамшы» мотиві романда былай беріледі:

«Әй, күшік, саған аманат! Түбі Махамбетті жоқтайтын ұрпақ туар. Сонда осы қамшыдан танып, көрсетерсің. Ғұмыр бойы ұмытпа! – деген. Қамшының терісі шірісе де тобылғы сабы міз бақпайды. Қасиетті ғой. Алдымен соны табайық» [4, 22-б.].

«Иә, пісімілла, менің қолым емес, ата-бабамның қолы деп бір шөкім топырақ алған. Үшеуі үш жақтан қатып қалған сазды қопсыта бастады. Жырта қарыс тереңдікке барғанда «Уа, аруақ, бар екенсің ғой» деп қария тобылғы сап қамшыны сопаң еткізіп суырып алсын. Төрт өрме тері бөз матадай үлбіреп тұр. Ұстаған жерден бырт-бырт үзіледі. Ал, сабы қып-қызыл қалпы. Міні құрымапты» [4, 22-б.]. Қазіргі таңда қамшы көбінесе ұлттық мәдениеттің символы ретінде қолданылады.

Қазақ халқының танымында тыйым сөздер де көп. Романда табалдырыққа қатысты тыйым сөздерді кездестіруге болады: «Табалдырықта кісі түрегеліп тұрмайды, Ноэль інім, - деп Қайып мейірлене қараған болды. – Қазақ екі жағдайда табалдырықта тұрып хабар айтқан. Бірі – жау шапты дегенде, екіншісі – кісі қазасын хабарлағанда» [4, 33-б.]. Аталған тыйымдар ежелден қазақтың тәрбиесіне еніп кетті.

Қазақ танымындағы тағы бір ұғым «Айдаһардың етіне жерік болу». Айдаһар қазақтың ауыз әдебиеті мен мифологиясында терең мағыналы, сирек кездесетін бейнелі образ. Мұндай бейнелердің түп-тамыры халықтың дүниетанымынан, мифологиясынан және символизмінен бастау алады. Қазақ мәдениетінде айдаһар құдыретті, қорқынышты, кейде қасиетті жаратылыс ретінде бейнеленген. Ол күш-қуаттың, биліктің, кейде жойқын табиғи күштердің символы саналған. Айдаһар көбінесе қол жетпес нәрсені немесе ерекше қазынаны күзететін мифологиялық бейне ретінде суреттеледі. Жерік болу – жүкті әйелдердің ерекше тағамды қалауына байланысты қалыптасқан ұғым. Ол физиологиялық қана емес, сонымен қатар рухани және мәдени маңызға ие. Жүкті әйелдің жерік асы болашақ баланың мінезі мен бойындағы қасиеттеріне әсер етеді деп сенген. Айдаһар еті – ерекше күш пен қуат беретін мифологиялық тағам ретінде қарастырылуы мүмкін. Айдаһар бейнесі көбінесе ертегілерде,

жырларда және эпостарда ерекше сынақ немесе кедергі ретінде көрсетіледі. Егер әйел айдаһардың етіне жерік болса, бұл оның баласының батыр, қайсар, ерекше қабілетке ие болатынының белгісі ретінде түсіндірілген. Халық арасында жеріктіктің ерекше сипаты баланың болашақ тағдырының ерекше болатынын меңзеген. Романда кейіпкердің ерекше өжет болуының да себебін автор анасының жеріктігіне сілтейді: «Жарықтық енеміз осы қызды босанарда неге жерік болғанын білесіздер ме? Ендеше айтайын. Айдаһардың етіне!» Енеміздің жеріктігі сондай, кекіріп, бақырып, кеттім-бардым деп айналасын бездірген. Ақыры атамыз шыдай алмай кертөбеліне ер салып, Ашақты жағалап, Қошалақтың қырын түгендеп, Ақжонасты айналып, соңында әйгілі Кенебай үңгіріне жеткен» [4, 100-б.].

Қазақ халқының дүниетанымы мен мәдениетінде маңызды орын алатын ұғымның бірі – аруақ. Бұл мотив қазақ әдебиеті, ауызша шығармашылық, мифология және халықтың рухани өмірінде ерекше көрініс тапқан. Аруақтар – өткен ата-бабалардың рухы және оларды құрметтеу арқылы халық өзінің рухани байланысын, бірлігін және мәдени тұтастығын нығайтқан. Аруаққа сенім қазақтың дүниетанымында терең тамыр жайған. Аруақтар тірілерге әсер ете алады, оларды қорғап, қолдап немесе реніш білдіре алады деп саналған. Бұл сенім халықтың өмір салтында бірнеше тұрғыда көрінеді: Аруақтар отбасы мен ұрпақты қорғаушы ретінде саналады. Белгілі батырлар, билер немесе әулие атанған адамдардың аруақтары ерекше құрметке ие болып, оларды зиярат ету дәстүрі пайда болған. Аруақтардың рухын риза қылу үшін құран оқу, ас беру, құрбандық шалу сияқты дәстүрлер орындалған. Қазақ эпосында батырлар өздерінің бабаларының аруағына сыйынып, рухани қолдау сұраған. Мысалы, «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Алпамыс батыр» жырларында бұл көріністер жиі орын алады. Кейбір аңыздарда аруақтар ерекше күшке ие болып, батырларды сынақтан өткізеді немесе дұрыс жол сілтейді. Зар заман әдебиеті дәуірінде де аруақ мотиві халықтың жоғалған мұрасын, құндылықтарын іздеумен байланыстырылады. Аруаққа арнап ас беру – қазақтың басты дәстүрлерінің бірі. Бұл арқылы халық ата-баба рухтарына құрмет көрсетіп, оларға ризашылық білдіреді. Бата берерде аруақтарды еске алып, олардың қолдауы тіленеді. Мұны батагөй қариялар жиі жасайды. Аруақтар жатқан жерге зиярат етіп, дұға оқу да халық арасында кең таралған. Аруақ мотиві халықтың ата-бабасымен рухани жақындығын, олардың тәжірибесін, даналығын және өмірлік қағидаларын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуге мүмкіндік береді. Аруаққа сыйыну арқылы халық бірлікке, ынтымаққа ұмтылып, ортақ рухани құндылықтарын сақтап келген. Романда Махамбеттің басы жоғалып, оны тапқан адамға қыруар қаржы төленетінін естігенде бірі құмалақ аштырып, бірі аруаққа сұрау салады: «Баяғы шалдар құмалақ салып, сүйінші түссе бесіктегі бала қуанғандай дейтін» [4, 135-б.]. «Тәте, - деді содан соң. – Аса қымбат нәрсені жоғалтыпсыз. Таба алмай торығып жүрсіз. Қазір көрейін. Содан төбеге қарап әлдекімдермен сыбырласты, ымдасты. Көзінің қарашығы мүлдем жоғалып кетеді екен. Аруақтармен сөйлесу оңай ма?» [4, 135-б.].

Аруақ мотиві бүгінгі күні де қазақ халқының мәдениетінде өзектілігін жоғалтқан жоқ. Ол әлі де ұлттық санада, әдет-ғұрыпта және салт-дәстүрде көрініс табады. Аруаққа құрмет көрсету, ата-бабаға арнап дұға ету сияқты дәстүрлер қазіргі заманда да жалғасын тауып келеді.

Аруақ мотиві – қазақтың рухани өміріндегі маңызды ұғым, ол халықтың мәдени тұтастығын, тарихи жадын және рухани бірлігін нығайтады. Аруақ мотиві арқылы ата-бабаның мұрасы сақталып, ұрпақтардың өзара байланысы бекемделеді. Бұл мотивтің әдебиеттегі, фольклордағы және дәстүрлі өмірдегі көрінісі қазақ халқының дүниетанымының ерекше қырларын ашып көрсетеді.

Р. Отарбаевтың драматургия жанрында, сондай-ақ шағын көлемді эпикалық жанрда өнімді жазылған туындылары көп. Көбіне тарихи тақырыптарға барып, тұлғалардың ғұмыры арқылы адамзатқа сұрақ қоя білді. «Бас» романында тарихи тұлғаның басын символ ретінде алып оқырманға үлкен ой тастайды.

Интермедиялдық – бұл басқа өнер элементтерінің болуы ғана емес, сонымен қатар жазушының жаңа шындықты жасау тәсілі. Р. Отарбаевтың «Бас» романындағы әдеби баяндау драматургиялық экспрессиямен біріктіріледі, өйткені онда: диалогтың өткірлігі, әрекеттің шиеленісі және терең психологизм бар. Мұндай көркемдік құралдарды қолдану оқырманның сезімі мен эмоциясына әсер етіп, шығарманың кең ауқымын ашуға мүмкіндік береді. Одан басқа дәстүрлі мәдениетке жататын ұлттық таным-түсініктер түйісіп, барлығы бірігіп, романның сюжетін ашуға қызмет етіп тұр.

Қорытынды

Қазақ прозасындағы интермедиялдық байланыс әдебиет пен басқа өнер түрлерінің өзара әрекеттесуін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Бұл құбылыс жазушылардың шығармашылық дүниесінің әртүрлі өнер салаларымен үйлесімділігін, сол арқылы жаңа формада көрініс табатын мәдениеттің көпқырлылығын көрсетеді. Әдебиет, кино, музыка, бейнелеу өнері және басқа да салалардың бірігуі шығармашылық өрісті кеңейтеді, жаңа мазмұн мен түсініктерді қалыптастырады. Көркем шығарманың ішінен детальдарды анықтау арқылы жаңа формалар мен тәсілдерді ашуға көмектеседі. Бұл тақырыпты зерттеу қазақ әдебиетіндегі көркемдік тәсілдердің эволюциясын терең түсінуге және оны әлемдік контексте талдауға жол ашатыны анық. Интермедиялдық – бұл шығармада басқа өнер элементтерінің болуы ғана емес, сонымен қатар жазушының шындықты жаңа тәсілдермен жасау амалы. Көркем мәтін интермедиялдық қатынастарды қайтадан қалыптастыруға және кеңейтуге мүмкіндік беретін интерпретацияның жаңа әдістерімен байып, сыртқы символдық жүйелермен әрекеттеседі. Қорытындылай келе, интермедиялдықтың басты концепциясының бірі – түрлі жанрдағы мәтіндердің мағыналарын түсіндіруге мүмкіндік беретін өнерлер арасындағы семиотикалық үйлесімділіктің болуы.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ханзен-Леве О. Интермедияльность в русской культуре от символизма к авангарду. – М.: Издательский центр РГГУ, 2016. – 480 с.
2. Сәулембек Г.Р. Қазіргі прозадағы постмодернизм: монография. – Алматы: Дарын, 2023. – 199 б.
3. Алтыбаева С.М. Казахская проза периода независимости: традиция, новаторство, перспективы: монография. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ баспасы, 2009. – 352 с.
4. Отарбаев Р. Бас. – Алматы: BRK Press, 2019 – 200 б.
5. Әлімқұлов Т. Кертолғау. – Алматы: Өнер, 1998 – 192 б.
6. Самородов М.А. Интермедияльная поэтика прозы И.С. Тургенева, Л.Н. Толстого и А.П. Чехова в свете интерпретации их произведений с либреттистами: дис. ... канд. филол. наук. – М., 2015. – 135 с.
7. Шлемова Н.Н. Поэтика интермедияльности в малой прозе постсоветского зарубежья (на материале журнала «Даугава») // Филология и культура. – 2022. – №3 (69). – С. 188–194.
8. Әбдезұлы Қ. Әдебиет және өнер. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 300 б.
9. Kruschwitz Jonathan. Interludes and Irony in the Ancestral Narrative: PhD thesis. – University of Sheffield, 2014. – 327 p.
10. Седых Э.В. К проблеме интермедияльности // Вестник Санкт-Петербургского университета. – 2008. – №3. – С. 210–213.
11. Антонова К.Н. Художественный мир прозы Д.Г. Лоренса в 1910-х годов: интермедияльный аспект: автореф. ... канд. филол. наук. – СПб., 2011. – 174 с.
12. Patrunjel I.F., López-Varela A. Literature and the study of intermediality: a book review article on new work by Grishakova and Ryan and Carvalho Homem // CLCWeb: Comparative Literature and Culture. – 2013. – Т. 15. – №1. <https://doi.org/10.7771/1481-4374.2086>

REFERENCES

1. Hanzen-Leve O. Intermedialnost v russkoi kulture ot simvolizma k avangardu [Intermediality in Russian culture from symbolism to avant-garde]. – M.: Izdatelskiy centr RGGU, 2016. – 480 s. [in Russian]
2. Saulembek G.R. Qazirgi prozadagy postmodernizm: monografia [Postmodernism in modern prose: monograph]. – Almaty: Daryn, 2023. – 199 b. [in Kazakh]
3. Altybaeva C.M. Kazahskaia proza perioda nezavisimosti: tradicia, novatorstvo, perspektivy: monografia [Kazakh prose of the period of independence: tradition, innovation, prospects. monograph]. – Almaty: Abai atyndagy QazUPU baspasy, 2009. – 352 s. [in Russian]
4. Otarmaev R. Bas [Head]. – Almaty: BRK Press, 2019 – 200 b. [in Kazakh]
5. Alimqulov T. Kertolgau [Kertolgau]. – Almaty: Oner, 1998 – 192 b. [in Kazakh]
6. Samorodov M.A. Intermedialnaia poetika prozy I.S. Turgeneva, L.N. Tolstogo i A.P. Chehova v svete interpretacii ih proizvedeniy s librettistami: dis. ... kand. filol. nauk [The intermediate poetics of the prose of I.S. Turgenev, L.N. Tolstoy and A.P. Chekhov in the light of the interpretation of their works with librettists: dis.]. – M., 2015. – 135 s. [in Russian]
7. Shlemova N.N. Poetika intermedialnosti v maloi proze postsovetskogo zarubezhia (na materiale zhurnala «Daugava») The poetics of intermediality in the small prose of the post-Soviet abroad (based on the material of the magazine “Daugava”) // Filologia i kultura. – 2022. – №3 (69). – S. 188–194. [in Russian]
8. Abdezuly Q. Adebiet zhane oner [Literature and art]. – Almaty: Qazaq universiteti, 2002. – 300 b. [in Kazakh]
9. Kruschwitz Jonathan. Interludes and Irony in the Ancestral Narrative: PhD thesis. – University of Sheffield, 2014. – 327 p.
10. Sedyh E.V. K probleme intermedialnosti [Towards the problem of intermediality] // Vestnik Sankt-Peterburgskogo universiteta. – 2008. – №3. – S. 210–213. [in Russian]
11. Antonova K.N. Hudozhestvennyi mir prozy D.G. Lorensa v 1910-h godov: intermedialnyi aspekt: avtoref. ... kand. filol. Nauk [The artistic world of D.G. Lawrence's prose in the 1910s: an intermediate aspect: abstract]. – SPb., 2011. – 174 s. [in Russian]
12. Patrunjel I.F., López-Varela A. Literature and the study of intermediality: a book review article on new work by Grishakova and Ryan and Carvalho Homem // CLCWeb: Comparative Literature and Culture. – 2013. – T. 15. – №1. <https://doi.org/10.7771/1481-4374.2086>